

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қарашадағы N 1137 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 16 қараша N 1455. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Акциялардың мемлекеттік пакетін бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында сату тәртібін құқықтық регламенттеуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекетке тиесілі акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногы арқылы сатудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қарашадағы N 1137 P981137_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 40, 367-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекетке тиесілі акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногы арқылы сатудың ережесінде:

1) мәтіндегі "Комитет", "Комитеттің" деген сөздер "Сатушы", "Сатушының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бөлімнің тақырыбындағы "Қазақстан" деген сөз "Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - Комитет)" деген сөздер "заңнамалық кесімдерге сәйкес республикалық немесе коммуналдық меншікті иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге уәкілеттік берілген мемлекеттік орган (бұдан әрі - Сатушы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Акцияларды сату Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының (бұдан әрі - қор биржасы) сауда жүйелерінде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы қолданыстағы заңнамасына және тиісті қор биржасының Биржалық сауда ережесіне сәйкес жүргізіледі.";

5) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Акциялардың мемлекеттік пакетін қор биржасы арқылы сатуға дайындау

жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мен үйлестіруді Сатушы Сатушының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің уәкілетті өкілдерінен құрған Мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) жүзеге асырады. Комиссия мүшелерінің саны кемінде 5 адамды құрауы тиіс. Комиссияның төрағасы Сатушының өкілі болып табылады.";

б) 4-тармақтағы "шешім, сатудың неғұрлым қолайлы кезеңін белгілеу

мақсатында, мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдарына жүргізілген мониторингті ескере отырып қабылданады" деген сөздер "шешімді Комиссияның ұсынымдарын ескере отырып, Сатушы қабылдайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) мынадай мазмұндағы 4-1-жолмен толықтырылсын:

"Сату туралы хабарламаны Сатушы Қазақстан Республикасының жекешелендіру туралы заңнамасында көзделген мерзімдерде мемлекеттік және орыс тілдерінде республикалық ресми баспасөзде жариялауы тиіс және онда мынадай мәліметтер:

- 1) сауда-саттықтың басталатын күні мен уақыты;
- 2) сауда-саттық өтетін орын;
- 3) акциялар шығарушының атауы;
- 4) шығарушы туралы мәліметтер;
- 5) сатылатын акциялардың саны;
- 6) Қазақстан Республикасының жекешелендіру

U952721_

және бағалы
қағаздар рыногы туралы

Z970077_

заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер
қамтылуы тиіс.";

8) 5-тармақтағы "республикалық" деген сөз "тиісті" деген сөзбен
ауыстырылсын;

9) 2-4-бөлімдердің атаулары алынып тасталсын;

10) 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бағалы қағаздардың отандық рыногында акцияларды сату құқығына брокерлік компанияны таңдауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес Сатушы жүзеге асырады.";

11) 8-10, 12-15, 20-тармақтар алынып тасталсын;

12) 22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Бағалы қағаздардың халықаралық рыногында акцияларды сату жөніндегі менеджерді (бұдан әрі - менеджер) таңдауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы Z970163_ заңнамасына сәйкес тендерлік комиссия жүзеге асырады." ;

13) 23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тендерлік

комиссияның құрамына Сатушының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де мүдделі ведомстволардың өкілдері кіреді.";

14) 24-тармақтың 3) тармақшасының қазақша мәтіні өзгеріссіз сол күйінде қалдырылсын;

15) 28-тармақ алынып тасталсын;

16) 29 және 30-тармақтардағы "Комитетке" деген сөз "Сатушыға" деген сөзбен ауыстырылсын;

17) 34-тармақтағы "республикалық" деген сөз "тиісті" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК